

## Шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 08 қыркүйектегі N 244 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаменті Қаратал ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 22 қыркүйекте N 2-12-178 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 15 қарашадағы N 315 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық әкімдігінің 15.11.2011 N 315 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 18)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағының 9)-тармақшасына сәйкес, аудандық мал дәрігерлік зертхананың 2011 жылғы 15 маусымдағы N 444 және 2011 жылғы 22 маусымдағы N 545 сараптамалары, Қаратал ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2011 жылғы 23 маусымдағы N 404 ұсынысы негіздерінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Балпық ауылдық округінің "Жанаталап" ауылында ұсақ мүйізді малдары арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, оны ары қарай таратпай жою мақсатында шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Қ о н а қ б а е в қ а жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі  
КЕЛІСІЛДІ:

С. Дүйсембінов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы М и н и с т р л і ғ і  
а г р о ө н е р к ә с і п к е ш е н д е ғ і  
м е м л е к е т т і к и н с п е к ц и я к о м и т е т і н і ң

*инспекциясының бастығы*  
08 қыркүйек 2011 жыл

*Каратал аудандық аумақтық*  
*Нұрәділ Нұрқасымұлы Бекбосынов*

*басқармасының бастығы*  
08 қыркүйек 2011 жыл

*Қаратал ауданы бойынша*  
*мемлекеттік санитарлық -*  
*эпидемиологиялық қадағалау*  
*Владимир Петрович Маркевич*